Негіздеме

Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Заңының 32 бабының 12 тармағына сәйкес, көрнекті ғылым, мемлекет, мәдениет қайраткерлерінің өмірімен байланысты объектілер материалдық мәдени құндылықтар болып табылады.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 13 мамырдағы «Қазақстан Республикасының музей қорын қалыптастыру және күтіп ұстау қағидаларын бекіту туралы» № 129 бұйрығының 2 тармағының 2.1 және 5.1 тармақшасына сәйкес, Қор сатып алу комиссиясының оң шешімінің негізінде ұсынылған мәдени құндылық – 17-19 ғғ. тән ат-әбзелдері.

Қазақтың ер-тұрман жабдықтары сақ, ғұн, көне түрік тайпаларының жасап-пайдаланған ер-тоқымдарының тікелей жалғасы. Қазақ халқының XX ғасырдың басына дейін пайдаланып келген ерлерінің ұлгі-нұсқаларының саны 20-дан асады. Ұлттық мәдениетіміздің үлкен бір саласы ерлердің жасалу жолдары, технологиясы, ер-тұрмандардың аймақтық ерекшеліктеріне қарай «үйрек бас ер», «құранды ер», «шошақбас ер», «найман ер», «керей ер» және т.б. сонымен қатар ер азаматтарға арналған ер, әйел ері, бала ері (ашамай) деп бөлген.

Ұсынылып отырған күмістелген құранды ер-тұрман Жетісу өңіріне тән. Жасалу мерзімі XVIII ғ. аяғы мен XIX ғ. басы. Құранды ер- бірнеше ағаш бөліктерінен құралып жасалған. Алдыңғы және артқы қастан тұрады. Беті мен шоқтығы былғарымен қапталған. Үзеңгілікке 2 үзеңгі бау арқылы үзеңгі кигізілген. Барлық бөліктер былғары белдіктермен бекітілген. Ер-тұрман түгелімен күміс пластинкалармен безендірілген.

Жабдықтары: тоқым, жүген, тартпа, құйысқан. Жабдық беттері түгелдей күміс пластиналармен безендірілген.

Қазақ халқының дәстүрі мен мәдениеті, этнографиясы мен тарихына қатысты ұсынылып отырған музейлік мәні бар заттардың тарихи, антикварлық, көркемдік, әрі музейлік құндылығы жоғары.

Бас қор сақтаушы **Р.Тұрсымбекова**